«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БӘСЕКЕЛЕСТІКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ДАМЫТУ
АГЕНТТІГІНІҢ ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ БОЙЫНША
ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ
АГЕНТСТВА ПО ЗАЩИТЕ И РАЗВИТИЮ
КОНКУРЕНЦИИ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН ПО ГОРОДУ ШЫМКЕНТ»

160011, Шымкент қаласы, Әл-Фараби ауданы,
Ғ. Иляев көшесі, 24/1,
тел: (8-7252) 77-98-22

160011, город Шымкент, Аль-Фарабийский район,
улица Г. Иляева, 24/1,
тел: (8-7252) 77-98-22

Исх. № 17-03-05-181 от 18.02.2026, Вход № от

Шымкент қаласының қалалық жайлы ортаны дамыту басқармасы

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Шымкент бойынша департаменті *(бұдан әрі-Департамент)*, Сіздің 2026 жылғы 10 ақпандағы №39-07-21/249 «Монополияға қарсы органның ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқтығы туралы қорытындысын беру туралы» өтініш хатыңызды қарап, нәтижесі бойынша Департаменттің қорытындысын қосымшаға сәйкес жолдайды.

Қосымша__парақта.

Департамент басшысының орынбасары **К. Жанкалов**

Орын.: Қ. Қарқымбаев
Тел: 77-99-40

Рег.№ Рег.дата Копия электронного документа. Дата: 18.02.2026 17:08. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

Подпись канцелярии
18.02.2026 17:04 ШӘКІР БАЛСАЯ
Подпись руководителя
18.02.2026 16:35 ЖАНКАЛОВ КАНАТ

Рег.№ Рег.дата Копия электронного документа. Дата: 18.02.2026 17:08. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

Тип документа	Входящий документ
Номер и дата документа	№
Организация/отправитель	ДЕПАРТАМЕНТ АГЕНТСТВА ПО ЗАЩИТЕ И РАЗВИТИЮ КОНКУРЕНЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ПО ГОРОДУ ШЫМКЕНТ
Получатель (-и)	ГУ «УПРАВЛЕНИЕ РАЗВИТИЯ КОМФОРТНОЙ ГОРОДСКОЙ СРЕДЫ» ГОРОДА ШЫМКЕНТ
Электронные цифровые подписи документа	Республиканское государственное учреждение "Департамент Агенства по защите и развитию конкуренции Республики Казахстан по городу Шымкенту" Подпись руководителя: ЖАНКАЛОВ КАНАТ MIISfwYJ...7YbT7Hq4= Время подписи: 18.02.2026 16:35
	Республиканское государственное учреждение "Департамент Агенства по защите и развитию конкуренции Республики Казахстан по городу Шымкенту" Подпись канцелярии: ШӘКІР БАЛСАЯ MIIShgYJ...wk06wXPfb Время подписи: 18.02.2026 17:04

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи», удостоверенный посредством электронной цифровой подписи лица, имеющего полномочия на его подписание, равнозначен подписанному документу на бумажном носителе.

Рег.№ Рег.дата Копия электронного документа. Дата: 18.02.2026 17:08. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

Шымкент қаласының қалалық жайлы ортаны дамыту басқармасының ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің болмауы туралы өтінішін қарау

ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Шымкент қ. 18 ақпан 2026 жыл

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Шымкент қаласы бойынша департаментіне *(бұдан әрі - Департамент)* Шымкент қаласының қалалық жайлы ортаны дамыту басқармасының *(бұдан әрі - Басқарма)* 2026 жылғы 10 ақпандағы №39-07-21/249 ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқтығы туралы қорытындысын беру туралы өтінішхат келіп түсті.

Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі Төрағасының м.а. 2025 жылғы 16 маусымдағы № 6 бұйрығымен бекітілген Монополияға қарсы органның ұқсас тауарлар жасауды және қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқ екендігі туралы және тиісті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді бәсекелестік негізде сатып алудың өзге мүмкіндігінің жоқ екендігі туралы қорытынды беру қағидасын *(бұдан әрі – Қағида)* басшылыққа ала отырып қорытынды жасалады.

Мемлекеттік сатып алу туралы Қазақстан Республикасының Заңының 16-бабының 3-тармағының 26) тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуды мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен жүзеге асыру жағдайлардың бірі монополияға қарсы органның ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқтығы туралы қорытындысының болуы.

Қағиданың 10-тармағына сәйкес Заңның 16-бабы 3-тармағының 26) тармақшасында көзделген негіз бойынша, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) бір жүз пайызы мемлекетке тиесілі акционерлік қоғамдардан, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерден және өзі оларға қатысты Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңнамасына сәйкес басқаруды жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорындардан тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы өтінішхаттарды қарау кезінде ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіруді жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқ екендігін айқындау мына тәртіппен жүзеге асырылады:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлік туралы заңнамасына сәйкес мәлімделген акционерлік қоғамға, жауапкершілігі шектеулі серіктестікке немесе мемлекеттік кәсіпорынға қатысты басқаруды жүзеге асыру бөлігінде арыз месінің өкілеттіктерін, сондай-ақ мұндай өкілеттіктерді Қазақстан Республикасының заңдарымен немесе Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарымен белгілеу тұрғысынан зерделеу;

2) нормативтік құқықтық базаны, сондай-ақ өтінішхат материалдарындағы мәліметтер мен түсіндірмелерді жеке кәсіпкерлік субъектілерінің тиісті тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсетуіне қатысты

мемлекетке заңнамалық тыйымдардың немесе шектеулердің бар-жоғы бөлігінде талдау;

3) мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орган ұсынатын ЭҚЖЖ бойынша тиісті код бойынша жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлік субъектілері туралы ақпаратты талдау негізінде әлеуетті бәсекелестерді айқындау;

4) мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналастырылған ақпаратты мәлімделген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді не оларды әлеуетті алмастырғыштарды бәсекелестік сатып алуды жүзеге асыру тұрғысынан талдау.

I. Өтініш иесінің өкілеттіктерін, сондай-ақ мұндай өкілеттіктерді Қазақстан Республикасының заңдарымен немесе Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарымен белгілеу тұрғысынан зерделеу

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» заңының *(бұдан әрі - Заң)* 132 бабына сәйкес, Мемлекеттік кәсіпорындарға:

1) шаруашылық жүргізу;

2) жедел басқару (қазыналық кәсіпорындар) құқықтарына негізделген мемлекеттік кәсіпорындар жатады.

Бұдан әрі – Заңның 133 бап 1 және 2 тармағында республикалық мемлекеттік кәсіпорынды – Қазақстан Республикасының Үкіметі, коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынды жергілікті атқарушы орган немесе аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімімен және жергілікті қоғамдастық жиналысымен келісу бойынша аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты құрады.

Мемлекет мынадай:

1) мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін, қорғаныс қабілетін немесе қоғамның мүдделерін қорғауды қамтамасыз етудің өзге мүмкіндігі болмаған;

2) мемлекетке тиесілі стратегиялық объектілер пайдаланылған және күтіп-ұсталған;

3) мемлекеттік монополияға жатқызылған салалардағы қызмет жүзеге асырылған;

4) тиісті тауар нарығында бәсекелестік болмаған не даму деңгейі төмен болған жағдайларда мемлекеттік кәсіпорындар құрады.

Мемлекет қатысатын акционерлік қоғамды немесе жауапкершілігі шектеулі серіктестікті басқаруға мемлекеттің қатысу құқығын мемлекет «Акционерлік қоғамдар туралы» және «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес іске асырады.

Басқарманың өтініш хатына көрсетілген қызметтердің әлеуетті жеткізушісі Шымкент қаласының қалалық жайлы ортаны дамыту басқармасының «Асанбай Асқаров атындағы Шымкент мемлекеттік дендрологиялық саябағы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны *(бұдан әрі - Кәсіпорын)* болып табылады. Кәсіпорынның жарғысынада жарғылық капиталдың 100% үлесі Шымкент қаласының әкімдігіне тиесілі және Шымкент

қаласының әкімдігінің атынан басқару уәкілетті органы болып «Шымкент қаласының қалалық жайлы ортаны дамыту басқармасы» болып бекітілген.

II. Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің тиісті тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсетуіне қатысты нормативтік құқықтық базаларда мемлекеттік заңнамалық тыйымдарын талдау.

Басқарма өтінішхатында келесі тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) бір көзден сатып алу жоспарлайды:

- «Ботаникалық бақтар мен хайуанаттар бақтарының қызметі» ЭКЖЖ коды 91041;

Сонымен қатар, Басқарманың өтінішхатында бір көзден сатып алу негіздемесінде келесі құқықтық актілер көрсетілген. «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» ҚР Заңы, ҚР Орман кодексі, дендрологиялық саябақтардың қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілер, сондай-ақ аталған қызметтердің ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда мемлекеттік ұйымдармен ғана жүзеге асырылуы туралы талаптар.

Қазақстан Республикасының «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» заңының *(бұдан әрі - Заң)* 14-бап 3 тармағына сәйкес, Жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құрылу мақсаттарына және қорғалу режимінің түрлеріне байланысты мынадай түрлерге бөлінеді:

1) мемлекеттік өңірлік табиғи парктер;
2) мемлекеттік зоологиялық парктер;
3) мемлекеттік дендрологиялық парктер;
4) мемлекеттік табиғат ескерткіштері;
5) мемлекеттік табиғи қаумалдар.

Бұдан бөлек, Заңның 16-бабында мемлекеттік зоологиялық парктер, мемлекеттік ботаникалық бақтар және мемлекеттік дендрологиялық парктер заңды тұлғалар болып табылады және мемлекеттік кәсіпорын нысанында құрылатындығы көрсетілген.

Мемлекеттік кәсіпорын нысанында құрылған табиғат қорғау ұйымдарына жер учаскелері тұрақты жер пайдалану құқығымен беріледі.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда орналасқан үй-жайлар (құрылыстар мен ғимараттар), тарихи-мәдени және басқа да жылжымайтын мүлік объектілері мемлекеттік кәсіпорын нысанында құрылған табиғат қорғау ұйымдарына шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару құқығымен беріледі.

Сонымен қатар, Заңның 23-бап 1 тармағында ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, олардың жерлері, су объектілері және (немесе) олардың учаскелері Қазақстан халқына тиесілі және иеліктен шығарылуға жатпайды. Қазақстан халқының атынан меншік құқығын мемлекет жүзеге асырады. Бұл ретте мемлекеттің меншік құқығын жүзеге асыруы Қазақстан халқының мүддесі үшін мемлекеттік меншік режимі арқылы іске асырылады делінген.

Басқарманың, өтініш хатында шымкент қаласының әкімінің 2023 жылғы 31 шілдедегі №1875 қаулысының негізінде Кәсіпорынның шымкент қаласының

жергілікті маңызы бар мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілердің тізбесіне енгізілгені көрсетілген.

Басқараманың өтінішхаттындағы ұсынылған мәліметтерді және жоғарыда көрсетілген Заңды зерделей келе Департамент жоғары аталған қызметтерді жеке кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекетпен заңнамалық тыйымдардар бар екендігі байқалады.

III. Әлеуетті бәсекелестерді айқындау

Басқарматың өтінішхатына сәйкес, «Боганикалық бақтар мен хайуанаттар бақтарының қызметі» ЭҚЖЖ коды 91.04.1 қызметі бойынша әлеуетті жеткізушісі болып Кәсіпорын көрсетілген. Департамент аталған қызметі мен тіркелген нарық субъектілер бойынша ақпаратты Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының *(бұдан әрі – Статистика)* ресми www.stat.gov.kz интернет-ресурсы арқылы анықталды..

Осыған сәйкес, Статитиканың интернет-ресурсына сәйкес, «Ботаникалық бақтар мен хайуанаттар бақтарының қызметі» 91.04.1 ЭҚЖЖ коды бойынша Шымкент қаласында 2 жеке кәсіппкерлік субъектілері тіркелгендігі анықталды.

Бұдан бөлек, Басқарманың өтінішхатында көрсетілген қызметтері бойынша Шымкент қаласында жұмыс жасайтын нарық субъектілерді анықтау мақсатында Департамент 2026 жылдың 12 ақпандағы №17-03-05/118 сұрау хатын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Шымкент қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментіне *(бұдан әрі – Мемлекеттік кірістер департаменті)* жолданды. Мемлекеттік кірістер департаментінің 2026 жылғы 16 ақпандағы №МКД-Ш-08-01-08/1652 хатына сәйкес, Шымкент қаласында «Ботаникалық бақтар мен хайуанаттар бақтарының қызметі» ЭҚЖЖ коды 91.04.1 қызметі бойынша жоғарыда айтылған 2 жеке кәсіпкерлік субъектілердің салық түсімдері байқалмайды. Яғни, Басқарманың өтініш хатында көрсетілген қызметтерді жеке кәсіпкер субъектілер жүзеге асырмайды.

IV. Мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналастырылған ақпаратты мәлімделген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді не оларды әлеуетті алмастырғыштарды бәсекелестік сатып алуды жүзеге асыру тұрғысынан талдау

Департамент, Қағиданың 10-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, Басқарманың өтінішхатында көрсетілген тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің коды 910412.900.000000 бойынша мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналастырылған конкурстарына зерделеу жұмыстарын атқарды.

Нәтижесінде мемлекеттік сатып алу веб-порталында Шымкент қаласының географиялық шекарасында аталған қызмет бойынша жеке кәсіпкерлік субъектілерінің қызмет көрсетуі байқалмауда.

3. Қорытынды

Департамент Басқарманың өтініш хатындағы қызметі бойынша Шымкент қаласының географиялық шекарасында **жеке кәсіпкерлік субъектісі** тіркелгендігін хабарлайды.

Алайда, жоғарыдағы айтылғандарды басшылыққа ала отырып, Басқарманың өтініш хатында көрсетілген қызметті **бәсекелестікті шектемеген жағдайда қанағаттандыру орынды** деп санаймыз.

Департаменттің ұқсас тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндіру жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің жоқтығы туралы қорытындысы **2026 жылдың 31 желтоқсанына дейін жарамды.**

Бұл ретте, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 85-бабының 4-тармағына сәйкес Департамент бәсекелестікті негізсіз шектеу бөлігінде жеке кәсіпкерлік субъектілерінің өтініштері болған кезде **осы қорытындының күшін жою құқығын өзіне қалдырады.**

Департамент басшысы **Е. Косбаев**

Департамент басшысының орынбасары **К. Жанкалов**

Тергеп-тексеру бөлімінің басшысы **Д. Қасымбек**

Тергеп-тексеру бөлімінің бас маманы **Қ. Қарқымбаев**